**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлты қазақ азаматтарының тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" Жарлығын жариялау жөнінде"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 желтоқсанда N 236 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі "Ұлты қазақ азаматтарының тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" Жарлығын орындау мақсатында бұйырамын:

1. "Қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес, ұлты қазақ азаматтарының паспорттары мен жеке басының куәліктеріне олардың тегін, есімін және әкесінің есімін жазу тәртібі жөніндегі" Нұсқау (Қосымша N 1) 1996 жылдың 1 мамырынан бастап бекітілсін және күшіне енгізілсін.

2. Облыстық ІІБ, Алматы қаласының ІІББ басшылары ішкі істер органдарының жеке құрамымен, паспорт аппараттары, мекен-жай бюросының қызметкерлерімен осы Нұсқауды зерделеу жұмыстарын ұйымдастырсын және оның орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы ІІМ паспорт және виза жұмысы жөніндегі Бас басқармаға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер Министрі
Ішкі әскерлер қолбасшысы
Ішкі қызмет генерал-майоры

N 154 30.04. 1996 ж.
ҚР ІІМ бұйрығына
N 1 қосымша

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық саясаты жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
төрағасы

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік тергеу
комитетінің төрағасы
бірінші орынбасары

**Қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес, ұлты қазақ азаматтарының паспорттары**

**мен жеке басының куәліктеріне олардың тегін, есімін және әкесінің есімін жазу тәртібі туралы НҰСҚАУ**

Осы Нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі "Ұлты қазақ азаматтарының тегі мен әкесінің есімін жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі жөніндегі" Жарлығына сәйкес әзірленді.

1. Ұлты қазақ азаматтары ІІБ-ның, Қалалық Ішкі істер бөлімінің паспорт бөлімшелеріне, олардың тегі, есімін және әкесінің есімін жазу туралы өтініш жасаса, қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес, мұндай өтініштер Қазақстан Республикасы Президентінің 19.06.95 ж. "Азаматтардың өтініштерін қарастыру тәртібі жөніндегі" Жарлығында ескерілген тәртіппен тіркеледі және қарастырылады. ІІБ, Қалалық ішкі істер бөлімінің басшылығы өтініштерді қарастырғаннан кейін, олар паспорт аппараттарына орындауға беріледі.

Өтініштер азаматтың өз қалауы бойынша тегін, есімін және әкесінің есімін қазақ немесе орыс тілдерінде, сондай-ақ айырбасталатын құжаттың сериясы, нөмірі, берілген уақыты және оны берген органның атауы көрсетіліп, еркін түрде жазылады.

Өтінішке ҚР ІІМ 27.10.1994 ж. N 283 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы паспорт жүйесі туралы Ережені қолдану тәртібі жөніндегі Нұсқаудың" 8 пунктінде ескерілген құжаттардың бірінің көшірмесі (ксерокөшірмесі, фотокөшірмесі) қосымша тіркеледі, ал нақты түрде мыналар:

- туу туралы куәлік (алғашқы паспорт алу кезіндегі)
- айырбасталатын паспорт (жеке басының куәлігі)
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлері, прапорщиктері, мерзімді қызметтен тыс қызметкерлері үшін жеке басының куәлігі
- шетелдік паспорт (шетелде тұрақты мекендейтін Қазақстан Республикасының азаматтары үшін)
- Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматы ретінде тану туралы анықтама
- егер сотталғанға дейін паспорты, жеке басының куәлігі болмаса немесе осы құжаттары жоғалған болса, бас еркінен айыру орындарынан (қабылдау-бөлу орнынан) босатылған азаматтар үшін босатылуы жөніндегі анықтама
- ішкі істер органдары арқылы берілген N 9 формадағы анықтама.

Қажет болған жағдайда өтінішке негіз болатын қосымша материалдар да талап етілуі мүмкін.

2. Іздеу салынған адамдарды анықтау мақсатында, тегін, есімін, әкесінің есімін өзгерту жөніндегі өтініштерді қарастыру кезінде, өтініш беруші адамдар ІІБ (ІІМ) АО (анықтамалық орталығының), МТК (Мемлекеттік тергеу

комитетінің) және мекен-жай бюросының тізімдері бойынша тексеріледі. Азаматтың өтінішін қанағаттандыруға кедергі болатын мәліметтер болмаса, паспорт бөлімшесі ІІБ, Қалалық ішкі істер бөлімінің басшылығы бекіткен қорытындыны (қосымша N 1) шығарады.

Өтініш беруші жалған мәліметтер ұсынатын жағдайда, оның өтініші қанағаттандырылмайды.

3. Өтініш беруші адам туралы мәліметтер Ф-1 формулярға толтырылады ( қосымша N 2). Формулярдың 1-ші жолында паспорт, жеке басының куәлігін - "04 " (тегін, есімін және әкесінің есімін өзгерту) беру себебі көрсетіледі. Формулярдың 3-ші жолында қазақ және орыс тілдерінде өз қалауымен азаматтың тегі, 4-ші жолда - есімі, ал 5-ші жолда - қазақ тіліне тән емес (ов, ев, ова, ева, ин, ина, н, на, овичь, евич, овна, евна), аффикстерін алып тастай отырып, алайда тегі мен әкесінің есімінің түбірлік негізі сақталынып жазылады. Бұл ретте әкесінің есімін жазған кезде, оған азаматтың жынысына қарай "ұлы" немесе "қызы" сөздері қосылып, бірге жазылады, мысалы:

Наурызбай Болат Керімұлы немесе Наурызбай Болат Керимулы.

Наурызбай Жанат Керімқызы немесе Наурызбай Жанат Керимкызы.

Бұдан басқа, мынадай тектер орыс тілінде былайша транскрипцияланады, мысалы: Джандосов Джумабай - Жандосов Жұмабай ретінде, Валиев Джапар - Уалиев Жапар ретінде, Чоканов Рыскали - Шоканов Ырыскали ретінде, Сәрсембаева Асем - Сәрсембаева Әсем ретінде - және т.б.

4-ші мен 5-ші жолдардан төменде азаматтың бұрынғы есімі мен әкесінің есімі, ал 6-шы жолда тегі бұрынғысынша жазылады. Өтініш беруші азамат паспорт ( жеке басының куәлігін) алғаннан кейін, квитанция түбіршегі де осыған ұқсас толтырылады және ол паспорт жүйесі тәртібін қадағалау және оларды тіркеуге алуға жауапты адамға немесе үй кітабы немесе пәтер карточкасына өзгертулер енгізу үшін паспорт жұмысын жүргізетін уәкіл адамға тапсырылады.

Ұсынылған құжаттарда өтініш берушілердің тектері жоқ болса, мысалы: " Болат Керимулы", онда "фамилия - тегі" деген графаға - Керимулы (Керимулы Болат немесе Керімұлы Болат) деп жазылады.

Азаматтардың тегін, есімін, әкесінің есімін өзгертуге байланысты барлық өзге мәселелер Қазақстан Республикасының құқықтық-нормативтік актілеріне сәйкес, АХАТ органдары арқылы бекітілген тәртіппен шешіледі.

Тіркелім (тіркеу) орны бойынша мекен-жай бюросына өтініш беруші азаматтың келуі жөніндегі мекен-жай қағазы (14-п формадағы) бір данада жіберіледі. Ол өтініш берушінің екі тегі мен әкесінің есімі көрсете отырылып толтырылады, және де жаңа тегі мен әкесінің есімі бірінші жазылып, оның қатарына жақшаның ішіне бұрынғы тегі мен әкесінің есімі жазылады (қосымша N 3 ).

Егер өтініш беруші азамат бұрын паспортты (куәлікті) басқа ішкі істер органынан алса, онда сол органға (Қазақстан Республикасының аумағында ғана) оның тегіне, есіміне және әкесінің есіміне өзгерту енгізілген жаңа паспорт толтыру туралы мәлімдеме жіберіледі. Бұл мәліметтер Ф-1 формулярға (оң жағындағы бос орынға және 14-ші жолдан төмен) жазу үшін қажет. Егер бұрынғы және жаңа паспортты бір ғана ішкі істер органы берсе, онда Ф-1 жаңа формуляр Ф-1 бұрынғы формулярға біріктіріліп, олар картотекада сақталады.

Оперативтік-анықтамалық картотекаға өзгерту енгізу үшін, бұрын сотталған адамдардың тегін, есімін, әкесінің есіміне өзгерту жөнінде ІІБ-ның Ақпарат орталығына (ІІМ), МТК-не мәлімдеме жіберіледі.

4. Азаматтардың тегін, есімін және әкесінің есімін өзгерту жөніндегі материалдармен бірге олардың өтініштері жеке номенклатуралық іс қағазына тіркеледі және паспорт (жеке басы куәлігін) беру туралы Ф-1 өтініштерімен қатар 75 жыл ағымында сақталады.

ҚР ІІМ паспорт және виза жұмысы жөніндегі Бас басқармасы

Нұсқаудың N 2 п.
N 1 Қосымша
"Бекітемін"

_____________________________
(Ішкі істер органдарының
_____________________________
бастығы, атағы, тегі,
_____________________________
есімі, әкесінің есімі)
_____________________________
(Қолы)

" "_______________ 199__ж.

Паспортта тегін, есімін, әкесінің есімін (керек емесі сызылып тасталсын) өзгерту жөніндегі азамат(ша)

_____________________________________________
(тегі, есімі, әкесінің есімі)
өтінішін тексеру нәтижелері бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

Азамат(ша)_____________________________________________
(тегі, есімі, әкесінің есімі)
_____________________________________________
(туған күні, айы, жылы, туған жері,
_____________________________________________

мекен-жайы)
өтінішін тексеру барысында, оған " " ___________ 199__ж.

_____________________________________________________________________
(ішкі істер органдарының аталуы)
арқылы, сериясы _______ N ___паспорт (куәлік) берілгені анықталды.
Азамат(ша) _________________________________ " " ___________199__ж.
тегін, есімін, әкесінің есімін паспортқа (куәлікке) былайша________
__________________________________өзгертіп жазу туралы өтініш жасады.
Өтінішті растауға мыналар ұсынылды: ________________________________

_____________________________________________________________________
Азамат(ша)___________________________тегін (есімін, әкесінің есімін)
былайша_____________________________________________өзгерту туралы
өтініші қанағаттандырылсын (рұқсат етілмесін) деп

_______________________________________________________
(керек емесі сызылып тасталсын)

ЕСЕПТЕЙМІН

______________________ Бастығы ________________________________
(паспорт бөлімшесінің) (атағы,тегі,есімі,әкесінің есімі)
" " ________________199_ж. __________________
(қолы)

1.Паспорт, жеке куәлігі беріледі 2.Берілген азаматтық коды

| | | |
|---|---|---|
| 3. Наурызбай | 4. Болат | 5. Керімұлы |
| тегі | аты | әкесінің аты |
| 6. Наурызбаев | 7. Булат | Керимович |

1 9 6 0 0 2 1 5

| | | | |
|---|---|---|---|
| тұрмысқа шыққанға дейінгі (бұрынғы) фамилиясы | туған күні, айы, жылы | 8.Жынысы еркек әйел | 9. Қазақ Ұлты |

_____________________________________________________________________

10.Туған жері / Елі 11.Тұрғылықты жері 12.Бұрынғы тұрған жері қай елден келді

Шығыс Қазақстан Алматы

___________________ ______________

Автономиялы Республика,өлке, облысы Автономиялы Республика,
облыс область облыс

Марқакөл Кеген

_______________ ______________

Аудан/район Аудан Аудан

Ақсуат Жалаңаш

_______________ ______________

Елді мекен Елді мекен Елді мекен

_________________ Қабанбай батыр

көше

Азаматтығы Елді мекен Елді мекен

_____________________ 017 02 015

Бұрын қай елдің үй үй

азаматтығында тұрған

Қазақстан Республикасының азаматтығын Келген күні

қабылдаған күні/дата принятия Дата прибытия

гражданства Республики Казахстан

| |

______| |______ __________________ Карман

Фото | | для

______| |______ |_________________| фото

| | Азамат қолы/подпись гр.

Азамат қолы

Куәландырамын қолы/подпись паспорт берушінің код района

фамилиясы (города)

фамилия паспортиста

-----------------------------------------------------------

Паспорт, жеке куәлігін алуға арналған Арыз/Заявление

квитанцияның түбіршегі N0000000

Корешок квитанции на получение:

Азамат(ша) Паспорта Удостоверения личности

гражданин(ка)

Наурызбай Болат Керімұлы

________________ _________________ ______________________

тегі/фамилия аты/имя әкесінің аты/отчество

Наурызбаев Булат Керимович

Алматы обл. Кеген ауд. Жалаңаш с.,

Қабанбай батыр көш., 17-2-15

Паспорт,жеке куәлік берген үшін төленген/ ___________________теңге

За выдачу/удостоверения личности/оплачено сомасы/сумма

-----------------------------------------------------------

Паспорт,жеке куәлігін алуға арналған квитанция/ квитанция на получение:

Арыз/Заявление N00000

Азамат(ша) гражданин(ка) Паспорта Удостоверения личности

Наурызбай Болат Керімұлы

_______________ _______________ _______________

тегі/фамилия аты/имя әкесінің аты/отчество

4.05.96.

_________________

күні/дата

Паспорт, жеке куәлігін алуға арналған арыз қабылданды және теңге алынды

Принято заявление на выдачу паспорта/ удостоверения личности/и получено

14 Отбасы жағдайы Семейное положение — Үйленген тұрмысқа шықпаған/не женат не замужем — Үйленген тұрмысқа шыққан женат/ замужем — Жесір вдовец/ вдова — Ажырасқан разведен/ разведена

Наурызбай Гульнар Ғалымқызы

Зайыбының тегі/ фамилия — Аты/имя супруга — әкесінің аты/отчество

Ахметова Алматы обл. Кеген ауд. АХАТ 19810504

Зайыбының азаматтық коды Гражданский код супруга — АХАЖ мекемесі/орган загса — Некені тіркеу күні/дата регистрации брака

15. 16 жасқа толмаған балалар/дети до 16 лет

Наурызбай

_______________ _______________ _______________

Тегі/фамилия Тегі/фамилия Тегі/фамилия

Асқар

_______________ _______________ _______________

Аты/имя Аты/имя Аты/имя

Болатұлы

_______________ _______________ _______________

Әкесінің аты/отчество Әкесінің аты/Отчество Әкесінің аты/отчество

19821207

_______________ _______________ _______________

туылған жылы/дата рождения — туылған жылы/дата рождения — туылған жылы/дата рождения

16. Әкесі/отец 17. Анасы/мать
Наурызбаев Наурызбаева

____________________ ________________________

Тегі/фамилия Тегі/фамилия
Керім Қарлығаш

____________________ ________________________

Аты/имя Аты/имя

______________________ ________________________

Әкесінің аты/отчество Әкесінің аты/отчество
19350315 19360516
туылған жылы/дата туылған жылы/дата
рождения рождения

18. Паспорт (жеке куәлік) берілген негізі
Паспорт (удостверения) выдать на основании 02 III-ИА 565437

19. 19860214

__________________
Берілген күні/дата выдачи

20. Алматы обл. Кеген IIО

__________________
Берген мекеме/орган выдачи

21. Паспорт N Жеке куәлік/Удостверение личности N
Алдым/получил " " ________________ 199__г.___________________
өз қолы/подпись

Паспорт бөлімі бастығы
Начальник паспортной службы _______________ _______________
қолы/подпись тегі/фамилия

Приложение N 3
к Инструкции N 3
Форма N 14-П

АДРЕСНЫЙ ЛИСТОК ПРИБЫТИЯ

1. Фамилия Наурызбай (Наурызбаев)
2. Имя Болат (Булат)
3. Отчество Керімұлы (Керимович)
4. Дата рождения 15 февраля 1960г.
5. Место | обл, (страна) Восточно-Казахстанская
рождения| район Маркакольский
| город (ПГТ) ____________________
_________|село (аул) Аксуат
|_________|

6. Пол Муж

7. Регис. | обл.(страна) Алматинская
трируется| район Кегенский
по адресу| город (пгт) ____________________
_________| село (аул) Жаланаш
|________| улица Кабанбай батыра
дом 17 корп. 2 кв. 15
Кегенский РОВД
_____________________________________________
указать орган оформляющий регистрацию

8. Откуда | обл (страна) ____________________
прибыл и | район ____________________
когда | город (пгт) ____________________
_________|село (аул) ____________________
|________| ________________________________

Переехал в том же населенном пункте с ул______________
__________________дом___________корп.__________________
__________________кв____________________________________
переменил фамилию, имя, отчество с_____________________
________________________________________________________
указать прежние данные

Другие причины Перемена фамилии, имени и отчества ________________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК